

Германия Федеративтік Республикасының федералдық канцлері Герхард Шредердің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 29 қарашадағы N 296-ө өкімі

Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және 2003 жылғы 4-5 желтоқсан кезеңінде Астана қаласында Германия Федеративтік Республикасының федералдық канцлері Герхард Шредердің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2003 жылғы 4-5 желтоқсан кезеңінде Астана қаласында Германия Федеративтік Республикасының федералдық канцлері Герхард Шредердің Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша):

қосымшага сәйкес Германия Федеративтік Республикасы ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөнінде қажетті

ш а р а л а р	қ а б ы л д а с ы н ;
---------------	-----------------------

2003 жылға арналған республикалық бюджетте "Ресми делегацияларға қызмет көрсету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды және бизнес-форумды өткізуге жұмсалатын шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Германия Федеративтік Республикасының делегациясы мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ екі арнайы ұшақты құзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі

б е л г і л е н г е н	т ә р т і п п е н :
-----------------------	---------------------

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Германия Федеративтік Республикасы федералдық канцлерінің екі арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен Астана қаласының әуежайына қонып ұшып өтуін;

Астана қаласының әуежайында арнайы ұшақтарға техникалық қызмет көрсетуді, олардың тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Индустрія және сауда министрлігі Қазақстан Республикасының және Германия Федеративтік Республикасының мүдделі мемлекеттік органдары өкілдерінің, кәсіпкерлерінің қатысуымен бизнес-форумды үйымдастырын.

6. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат куралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

7. Астана қаласының әкімі Германия Федеративтік Республикасының делегациясын күтіп алу және шығарып салу жөніндегі үйымдастыру іс-шараларының орындалуын, Астана қаласының әуежайы мен көшелерінің безендірілуін қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы (келісім бойынша) Астана қаласының әуежайында Германия Федеративтік Республикасының федералдық канцлерін күтіп алу мен шығарып салу рәсіміне қатыссын, Қазақстан Республикасы Президентінің атынан қабылдау кезінде концерттік бағдарламаны үйымдастырын.

9. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан

Республикасы

Премьер-Министрінің

2003

жылғы

29

қарашадағы

N

296

әкіміне

қосымша

Германия Федеративтік Республикасы ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөніндегі үйымдастыру шаралары

1. Германия Федеративтік Республикасының ресми делегациясының мүшелерін және бірге жүретін адамдарды Астана қаласында 1+10 формат бойынша ("Окан Интерконтиненталь-Астана" қонақ үйі) орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерін "Окан Интерконтиненталь-Астана" қонақ үйіне орналастыру.

3. Баспа өнімдерін (бейдждер, автокөліктерге арнайы рұқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

4. Германия Федеративтік Республикасының делегация басшысы мен мүшелері үшін сыйлық және кәдесыйлар сатып алу.

5. Германия Федеративтік Республикасының делегациясын күтіп алу және шығарып салу кезінде Астана қаласының әуежайында шай дастарханын үйымдастыру.

6. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың атынан Германия Федеративтік Республикасының федералдық канцлері Г.Шредердің құрметіне Астана қаласында ресми қабылдау үйімдастыру.

7. Астана қаласында Қазақстан Республикасының және Германия Федеративтік Республикасының іскер топтары өкілдерінің қатысуымен бизнес-форум өткізу үшін ілеспе-аудармашылардың жұмысына ақы төлеу, қажетті залды, слайд-проекторды, компьютерлерді, ілеспе аудармаға арналған жабдықтарды, құлақшаларды, микрофондарды жалға алу, кеңсе заттары мен минералдық сусынды сатып алу.

8. Ресми делегацияның мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК